

Тіркеу № 68  
«30» шілде 2019ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің  
2019 жылғы «17» шілдедегі №5  
хаттамасымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында  
ақпарат ашу қағидасы**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар (күні, нөмірі):

	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Шешім	«16» қыркүйек 2020 ж.	№8	Тіркеу №94
2	Шешім	«25» маусым 2021 ж.	№6	Тіркеу №65
3	Шешім	«29» наурыз 2023 ж.	№ 4	Тіркеу № 64
4	Шешім	«30» желтоқсан 2024 ж.	№ 22	Тіркеу № 3

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	2-бет 15-тен
---	---	-----------------

Бүкіл мәтін бойынша «мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы» сөздері Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы № 4 шешіміне сәйкес тиісті септікте «мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен адамдарды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы» сөздеріне ауыстырылсын.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді. 1-тармақ Директорлар кеңесінің 30.12.2024 жылғы №22 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.

1. Осы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңымен, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдары туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңына, «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) ақпарат ашу қызметін және тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне, Қордың корпоративтік басқару кодексіне, сондай-ақ Қордың басқа ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағида ақпарат ашу қағидаттарын, ашылатын ақпарат тізбесін, сондай-ақ түрлі мүдделі тараптарға ақпарат ашу тәртібі мен мерзімдерін анықтау мақсатында әзірленді.

3. Қор өз қызметінде мүдделі тараптар үшін қызмет ашықтығын және тиісінше корпоративтік басқару стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету қажеттілігін басшылыққа алады.

4-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

4. Барынша ашықтық тәжірибесін қолданып, Қор жетуге ұмтылатын мақсаттар:

- 1) Қор салымшыларының (алушыларының) құқықтарын толығырақ іске асыру;
- 2) басқарушылық шешімдер қабылдау үшін елеулі ақпарат алуда Жалғыз акционер құқықтарын толығырақ іске асыру;
- 3) Қор қызметіне әсер етуі мүмкін немесе Қор тарапынан әсерге бейім болуы мүмкін мүдделі тараптардың барлығымен ашық әрі сенімді қатынас орнату;
- 4) Қордың Жалғыз акционер және салымшылар (алушылар) алдында есептілігі мен жауапкершілігін арттыру;

5) Қор қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлықтың көріністерінің алдын алу.

5. Осы Қағида Қордың барлық қызметкерінің қолдануына арналған.

6-тармаққа Директорлар кеңесінің 16.09.2020 жылғы №8 шешіміне, Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешіміне, Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне, Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

6. Осы Қағидада қолданылатын терминдер және анықтамалар:

1) мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен адамдарды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы – азаматтардың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларынан сұраныс жіберу және оларға жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

1-1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық талаптар беру қызметтерін және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін құрылған, тұрған жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	3-бет 15-тен
---	---	-----------------

2) ҚЕД (қаржылық есептілік депозитарийі) – ұйымдар өткізетін жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың **үлестес** тұлғаларының тізімдерін, жыл қорытындысы бойынша акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты, ұйымның дауыс берілетін акцияларының (қатысу үлесінің) он және одан көп пайына ие акционерлер (қатысушылар) құрамын, акционерлік қоғамда әр мұндай ұйым акцияларының (үлес, пай) он және одан көп пайызы бар ұйымдар тізімін, енгізілген өзгерістері мен (немесе) толықтырулары ескерілген эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісін, акциялар орналастыру қорытындысы туралы есепті, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты қамтитын пайдаланушылар үшін ашық электрондық деректер қоры;

3) мүдделі тұлғалар – Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында көзделген құқықтарын іске асыру Қор қызметіне байланысты тұлғалар (міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалар (зейнетақы төлемдерін алушылар), нысаналы талаптарға қатысушылар, нысаналы жинақтарды алушылар);

3-1) ашық диалог интернет-порталы – мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар адамдарды, сондай-ақ ақпаратты пайдаланушылардың интернет-конференциялар мен сауалнамаларға қатысуын қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы ақпаратты пайдаланушылардың сұраныстарын жіберу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

3-2) ашық деректер интернет-порталы – ашық деректер бойынша сипаттамалық және сілтемелік ақпаратты орталықтан сақтауды қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

4) конфиденциалды ақпарат – заң жүзінде коммерциялық құпияға, зейнетақы жинақтарының және (немесе) нысаналы жинақтарының және (немесе) шартты зейнетақы шоттарының, дербес деректердің құпиясына жатқызылған қызметтік сипаттағы ақпарат, зейнетақы жинақтарының құпиясы, дербес деректер, сондай-ақ, жариялануы Қорға, Қормен шарттық қатынастары бар адамдарға материалдық немесе өзге де залал келтіруі не қауіп төндіруі мүмкін немесе Қордың бекітілген құпия ақпарат тізбесіне сай Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қорға жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына қатер төндіруі мүмкін Қордың қызметіне, басқаруына, қаржысына, қызметкерлеріне, Қордың технологиялық деректеріне байланысты ақпарат;

4-1) ашық деректер – өңдеуге жарамды, машинада оқылатын түрде ұсынылған және одан әрі пайдалануға, өзгеріссіз қайта жариялауға арналған ресімделген түрдегі ақпарат;

5) БАҚ – бұқаралы ақпарат құралдары.

## 2-тарау. Ақпарат ашуға қойылатын жалпы талаптар

### § 1. Ақпарат ашу қағидаттары

7. Ақпарат ашу деп Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бұл ақпаратты алу мақсатына қарамастан бұған мүдделі тұлғалардың барлығына оның қолжетімділігін қамтамасыз ету түсініледі.

8. Барлық мүдделі тұлғаға ақпарат ашу конфиденциалды ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету талаптары бұзылмаған жағдайда жүзеге асырылады.

*9-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді. 9-тармаққа Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне өзгеріс енгізілді.*

9. Қор туралы ақпарат ашудың негізгі қағидаттары:

- 1) жүйелілік және бірізділік;
- 1-1) айқындық пен жан жақтылық;
- 2) ашықтық және қолжетімділік;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	4-бет 15-тен
---	---	-----------------

- 3) шынайылық, толықтық және салыстырмалылық;
- 4) жеделдік;
- 5) теңгерімділік.

10. Ақпарат ашудың жүйелелік және бірізділік қағидаты Қордың сипатына қарамастан ақпарат беру мерзімдері мен бірізділігін сақтауға қатысты жауапкершілігін білдіреді.

*Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес 10-1-тармағымен толықтырылды.*

10-1. Қор туралы ақпаратты ашудың айқындық пен жан жақтылық қағидаты Қор туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы сенімді ақпаратты Жалғыз акционер мен мүдделі тұлғалар алдында уақтылы ашуға қатысты Қордың жауапкершілігін білдіреді.

11. Ақпараттың ашықтық және қолжетімділік қағидаты Қордың мүдделі тараптар үшін еркін, қиындықсыз және аз шығын жұмсалатын ақпарат тарату арналарын таңдауын, сондай-ақ Қордың өз қызметінің барынша ашықтығы үшін жағдай жасау ниетін білдіреді.

*12-тармақ Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

12. Шынайылық, толықтықжәне салыстырмалылы қағидаты Қордың Жалғыз акционерге және басқа мүдделі тараптарға шындыққа сай келетін және ашылатын деректі немесе оқиғаны түсіну үшін жеткілікті ақпаратты және салыстырмалы деректерді (Қор ақпаратты ашқан кезде мүдделі тұлғаларға Қордың түрлі уақыт кезеңдеріндегі көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік беруі тиіс) берудегі жауапкершілігін білдіреді.

13. Жеделдік қағидаты Қордың аса маңызды деректер мен оқиғаларға қатысты және Жалғыз акционердің, салымшылардың (алушылардың), басқа мүдделі тараптардың мүддесіне қатысты елеулі ақпаратты уақтылы берудегі жауапкершілігін білдіреді.

14. Теңгерімділік қағидаты қызметтік, коммерциялық құпияны, зейнетақы жинақтарының құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қорғалатын басқа құпияны құрайтын конфиденциалды ақпаратқа рұқсатты шектеу бөлігінде Қор мүддесі қатаң сақталған жағдайда ақпарат алуға мүдделі тұлғалардың құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қордың бір жағынан ашықтық пен айқындықты, екінші жағынан конфиденциалдылықтың саналы теңгерімін қамтамасыз етуін білдіреді.

## § 2. Ақпарат ашу арналары

*15-тармақ Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген Өзгерістер мен толықтыруларға сай редакцияда баяндалды.*

15. Қор ақпаратты мынадай тәсілдермен ашады:

- 1) сұраныс бойынша ақпарат беру;
- 2) Қор орналасқан үй-жайларға және осы мақсатқа арналған басқа орындарға ақпарат орналастыру;
- 3) БАҚ-қа ақпарат орналастыру;
- 4) Қордың интернет-ресурсына ақпарат орналастыру;
- 5) Қордың атқарушы органы орналасқан жер бойынша ақпарат беру;
- 6) «электрондық үкімет» веб-порталының компоненттеріне, оның ішінде ашық деректер интернет-порталына, ашық диалог интернет-порталына және мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен адамдарды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасына ақпарат орналастыру;

7) Жалғыз акционерге, міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға),

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	5-бет 15-тен
---	---	-----------------

нысаналы талаптарға қатысушыларға, нысаналы жинақтарды алушыларға ақпаратты тікелей жіберу;

8) брифингтер, баспасөз конференциялары мен телефон конференцияларын ұйымдастыру арқылы ақпарат тарату;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған ҚЕД интернет-ресурсы;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа тәсілдер.

*16-тармақ Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

16. Қордың қызметі туралы ақпаратты ашу мемлекеттік және орыс тілдерінде және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда басқа тілдерде жүзеге асырылады.

*17-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.*

17. Қор ақпарат ашудың тиісті арналары арқылы ақпарат ашу рәсімдерін белгілейтін арнайы регламенттер қабылдайды. Ақпарат ашу рәсімдері Қор Жарғысымен және Қордың басқа ішкі құжаттарымен белгіленеді.

### § 3. Ақпарат ашуға жауапты Қор тұлғалары (органдары)

18. Қағиданы іске асыру аясында Қор тұлғалары мен органдары төмендегілер үшін жауапты:

Директорлар кеңесі Қағиданы, конфиденциалды ақпарат тізбесін бекітеді және олардың сақталуын бақылайды;

Басқарма Төрағасы бекітілген Қағиданың іске асырылуына жауапты;

корпоративтік хатшы Қор туралы ақпаратты ашуға көмектеседі;

Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қағиданы сақтауға жауапты.

19. Қордың жауапты тұлғаларының, құрылымдық бөлімшелерінің және Қор органдарының жан-жақты өкілеттігі, құзыреті және міндеттері Қор органдары туралы тиісті ережелерде және Қордың тиісті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында анықталады.

*20-тармаққа Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.*

20. Қордың киберқауіпсіздік бөлімшесі Қордың конфиденциалды ақпаратына рұқсаттың жиынтық/бірыңғай матрицасын жүргізуді қамтамасыз етеді.

*Тарау атауына Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.*

### 3-тарау. Ақпарат ашу ерекшеліктері

*3-тараудың 1-параграфы Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда баяндалды.*

#### § 1. Мүдделі тұлғаларға ақпарат ашу

21. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есепті жүргізеді және қаржылық есептілікті жасайды, сондай-ақ қаржылық есептілікті және бастапқы статистикалық деректерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне:

1) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

2) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

3) Қордың қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз етуге арналған меншікті қаражаты;



«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	6-бет 15-тен
---	---	-----------------

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша бөлек ұсынады. Қор бухгалтерлік есепті жүргізеді және меншікті қаражат бойынша қаржылық есептілік пен бастапқы статистикалық деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға бөлек ұсынады.

*22-тармаққа Директорлар кеңесінің 16.09.2020 жылғы №8 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді, Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген Өзгерістер мен толықтыруларға сай редакцияда баяндалды, Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес, Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.*

22. Мүдделі тұлғаларға ақпарат ашу аясында Қор:

1) қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілеген тәртіппен және мерзімде, өз қызметі туралы ақпарат пен басқа есептілікті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгілеген тәртіппен БАҚ-та жариялайды және Қордың интернет-ресурсына орналастырады;

2) ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ҚЕД интернет-ресурсында ашады;

3) зейнетақы активтерінің есебінен Қордың инвестициялық қоржынының құрылымы туралы мәліметті уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімде өзінің интернет-ресурсына жариялайды;

4) ашық деректер интернет-порталына ашық деректер орналастырады;

5) ашық диалог интернет-порталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы түскен сұраныстарға жауап береді, сондай-ақ интернет-конференциялар мен сауалнамалар жүргізеді;

6) инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде Қормен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасаған инвестициялық портфельді басқарушылар тізбесін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімде ашады;

7) жыл сайын келесі қаржы жылына республикалық бюджет туралы заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей қазақ және орыс тілдерінде кемінде екі баспа басылымға жариялау арқылы БАҚ-қа, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсына алдағы жылға есептелген және қолданылатын зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік деңгейін орналастырады;

8) Қор қызметі туралы жыл сайынғы есепті Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің қарастыруына береді;

9) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасуды жүзеге асырады;

10) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымымен қарым-қатынасты жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен нысаналы жинақтарды есепке алу, төлеу және қайтару мәселелері бойынша уәкілетті оператормен қарым-қатынасты жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша Мемлекеттік корпорациямен қарым-қатынасты жүзеге асырады;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	7-бет 15-тен
---	---	-----------------

13) Қор мен депозиттерді міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйым арасында жасалған келісіммен белгіленген тәртіппен депозиттерді міндетті кепілдендіруді жүзеге асыратын ұйыммен қарым-қатынасты жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, төлеу және қайтару мәселелері бойынша уәкілетті оператормен қарым-қатынасты жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға ақысыз:

сұранысы бойынша Қорда жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұралған күнге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 262-бабы 5-тармағының ережелерін ескеріп, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы;

біржолғы зейнетақы төлемдерін жасау үшін қолжетімді міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы туралы;

инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы туралы ақпаратты береді.

16) Қордың интернет-ресурсы және (немесе) «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ақысыз:

нысаналы талаптарға қатысушыға немесе оның заңды өкіліне нысаналы талаптардың сомасы;

нысаналы жинақтарды алушының сұранысы бойынша «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы заңының 7-7 бабында көзделген ережелерді ескере отырып, нысаналы жинақ шоты ашылған күннен бастап кез келген сұралған күнге нысаналы жинақ сомасы туралы мәліметтер береді;

17) атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға ақысыз жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпарат береді.

Көрсетілген ақпаратты беру тәсілі Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады;

18) Қордың жылдық есебінде корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау (кемінде үш жылда бір рет жүргізілетін) және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін сараптау нәтижелерін ашады;

19) Қордың интернет-ресурсына орналастыру арқылы Қордың аудит жүргізілген жылдық қаржылық есептілігі аясында Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің сыйақысы туралы ақпаратты ашады;

20) жұмылдырылған сыртқы аудитор туралы толық ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

23. Қор мүдделі тараптар сұранысы бойынша жалпыға қолжетімді ақпаратты пошта жөнелтілімдері арқылы немесе электрондық түрде атқарушы орган орналасқан жер бойынша береді.

24. Жалпыға қолжетімді ақпаратты беру ақысының мөлшерін Қор белгілейді және құжаттардың көшірмелерін даярлау шығыстарының құны мен құжаттарды мүдделі тұлғаға жеткізуге байланысты шығыстар төлемінен аспауы тиіс.

*Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес параграфтармен толықтырылды.*

### **§ 1-1. Сұраныс бойынша ақпарат ашу**

24-1. Рұқсаты шектеулі ақпаратты қоспағанда, сұраныс бойынша кез келген ақпарат беріледі. Рұқсаты шектеулі ақпарат Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген тәртіппен беріледі.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	8-бет 15-тен
---	---	-----------------

24-2. Сұраныс ауызша немесе жазбаша, оның ішінде электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.

24-3-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.

24-3. Ақпарат пайдаланушы келіп немесе телефон арқылы ауызша сұраныс беруі мүмкін.

Ауызша сұранысқа жауап мынадай ақпарат бойынша беріледі:

- 1) Қор жұмысының кестесі;
- 2) Қордың пошталық мекенжайы, электрондық пошта және (немесе) интернет-ресурстарының мекенжайлары, анықтамалық қызметтерінің және құрылымдық бөлімшелерінің телефондары, сондай-ақ Қор басшылығы туралы мәлімет;
- 3) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібі;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сұраныстарын, арыздарын және шағымдарын қарастыру тәртібі;
- 5) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі;
- 6) ашық конкурстық сауда-саттық (аукциондар, тендерлер) өткізілетін күн мен орын туралы мәлімет;
- 7) Қордың интернет-ресурсы туралы мәліметтер;
- 8) бос лауазымдар туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері;
- 9) Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен ауызша сұранысқа беру көзделген басқа ақпарат.

Ауызша сұранысқа жауап берген жағдайда, жауап берген Қор қызметкерінің аты мен лауазымы көрсетіледі.

Ауызша сұранысқа жауап өтініш тілінде ауызша нысанда беріледі.

24-4. Жазбаша сұраныс бойынша ақпарат Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен көзделген тәртіппен беріледі.

## **§ 1-2. Қор орналасқан үй-жайларда және осы мақсатқа арналған басқа орындарда ақпарат ашу**

24-5-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгерту енгізілді.

24-5. Қор өзі орналасқан үй-жайларға өз қызметі туралы ақпараты бар ақпараттық стенділер және (немесе) осыған ұқсас басқа техникалық құралдар орналастырып, оған мүгедектігі бар тұлғаның еркін қол жеткізе алу жағдайын жасайды.

24-6-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгерту енгізілді.

24-6. Осы Қағиданың 24-5 тармағында көрсетілген ақпарат төмендегілерді қамтиды:

- 1) Қор жұмысының тәртібі, сонымен қатар жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау тәртібі;
- 2) ақпарат алу талаптары және тәртібі;
- 3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де мәліметтер.

## **§ 2. Жалғыз акционерге ақпарат ашу**

25-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгерту енгізілді.

25. Қор аудиті Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына және аудиторлық қызметке сәйкес жүргізілген, жыл сайын өткен жыл үшін Жалғыз акционерге жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Қор қаржылық есептілікпен қатар Жалғыз акционерге аудиторлық есеп береді.

26. Қор Жалғыз акционердің мүддесіне қатысы бар Қор қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Жалғыз акционерге жеткізеді. Жалғыз



«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	9-бет 15-тен
---	---	-----------------

акционердің мүддесіне қатысы бар Қор қызметі туралы ақпарат Қор жарғысында белгіленген тәртіпке сәйкес беріледі. Бұл ретте мұндай ақпарат беру үшін ақы алынбайды.

### § 3. ҚЕД-ге ақпарат ашу

*27-тармаққа Директорлар кеңесінің 16.09.2020 жылғы №8 шешіміне сәйкес толықтырулар, Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгерту енгізілді.*

27. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде ҚЕД интернет-ресурсында:

1) *осы қағидалардың 28-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген оқиғалар туралы ақпаратты қоспағанда*, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат;

2) жыл қорытындысы бойынша Қордың Басқарма мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;

3) дауыс берілетін акцияларының он және одан көп пайына ие акционерлер құрамын;

4) Қорда әр мұндай ұйым акцияларының (үлес, пай) он және одан көп пайызы бар ұйымдар тізімін;

5) жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептер;

6) алынып тасталды;

7) алынып тасталды;

8) *Қордың ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алуы кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін;*

9) *Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңының 56-1 бабының талаптарына сәйкес әзірленген және бекітілген инсайдерлік ақпаратты иемдену және пайдалану жөніндегі Қордың ішкі нормативтік құжаттарын ашуға міндетті.*

*28-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгерту енгізілді.*

28. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат деп төмендегілер туралы мәліметтер түсініледі:

1) Жалғыз акционер қабылдаған шешімдер;

2) Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының құрамындағы өзгерістер көрсетілген Директорлар кеңесін, Қор Басқармасын сайлау;

3) Қордың дауыс берілетін акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер құрамындағы өзгерістер;

4) Қордың директорлар кеңесі қабылдаған мынадай шешімдер туралы:

жылдық және кезектен тыс жалпы акционерлер жиналысын шақырту;

орналастыру (іске асыру), оның ішінде жарияланған акциялар санының аясында орналастырылатын (іске асырылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы;

қоғам өтеуін төлеп алатын акциялар саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан артық болса, Қордың орналастырылған акциялардың өтеуін төлеп алуы, олардың өтеуін төлеп алу бағасы;

ірі мәмілелер жасау;

5) Қорда әр мұндай ұйым акцияларының (үлестер, пайлар) он және одан көп пайызы бар ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

6) Қордың ірі мәмілелер жасауы;

7) Қорды қайта құру немесе мәжбүрлеп тарату туралы, сондай-ақ оның еншілес және бағынышты ұйымдарын қайта құру немесе мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімдері;

7-1) *Қор активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кезінде маржалық немесе өзге де қамтамасыз етуді енгізу жолымен меншікті активтерді кепілге беру, сондай-ақ аталған мәмілелерді тоқтату;*

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	10-бет 15-тен
---	---	------------------

8) құны Қор активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қор мүлкіне тыйым салу (мүлкінен тыйымды алу);

9) нәтижесінде баланстық құны Қор активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын Қор мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;

10) сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалуы;

10-1) Қордың негізгі қызметтерінің өзгеруі;

11) Қордың эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне және Қор Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер мүддесіне қатысты басқа оқиғалар.

29. Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат жариялаудың (бағалы қағаздар ұстаушыларға жеткізу) басқа мерзімдері көзделмесе, бұл ақпаратты Қор ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ашады.

30. Қор ҚЕД интернет-ресурсында ақпарат ашуды қазақ және орыс тілдерінде қамтамасыз етеді.

31. Қордың ақпаратты ашу, Қор ашуы тиіс ақпарат мазмұнына қойылатын талаптар тәртібі, сондай-ақ Қордың ақпаратты ҚЕД интернет-ресурсында ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

#### § 4. Қордың интернет-ресурсында ақпарат ашу

*32-тармаққа Директорлар кеңесінің 16.09.2020 жылғы №8 шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген Өзгерістер мен толықтыруларға сай редакцияда баяндалды, Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.*

32. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде Қордың интернет-ресурсына мынадай ақпарат немесе құжаттар орналастырады:

1) қызмет туралы жалпы ақпарат:

тарихы;

ұйымдық құрылымы;

корпоративтік даму стратегиясы (жария нұсқа);

миссия, негізгі міндеттер, мақсаттар мен қызмет түрлері, меншікті капитал мөлшері, активтер мөлшері, таза кіріс және персонал саны туралы ақпарат;

басшылық туралы мәліметтер:

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері туралы, сонымен қатар мынадай мәліметтер: фотосурет (директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, азаматтығы, директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, акционердің өкілі), директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде директорлар кеңесі комитеттеріне мүшелік немесе орындау директорлар кеңесі төрағасының функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқарып жүрген басқа да лауазымдар, кәсіби біліктілігі, директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні және қолданыстағы директорлар кеңесіне сайланған күні, тәуелсіз директорлар критерийлері;

Басқарма мүшелері туралы, сонымен қатар мынадай мәліметтер: фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қатар атқаратын лауазымдары;

жарғылық капиталдың құрылымы туралы, сонымен қатар мынадай мәліметтер: шығарылған акциялардың саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	11-бет 15-тен
---	---	------------------

сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің құрамы, оларға тиесілі қарапайым акциялардың саны мен үлесі, меншік құқықтарына билік ету тәртібі;

активтер құрылымы туралы;

консультативтік-кеңесу органдарының қызметі туралы (болған кезде);

әдеп қағидаттары туралы;

тәуекелдерді басқару туралы;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфельінің құрылымы туралы мәліметтер;

3) келесі қаржы жылына республикалық бюджет туралы заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жыл сайын алдағы жылға есептелген және қолданыста болатын зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі;

4) уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы ақпарат (бар болса);

5) инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпарат, оның ішінде Қормен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және көлемде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасалған инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесі;

6) Қордың зейнетақы қағидасы;

7) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар;

8) ресми жаңалықтар, баспасөз түйіндемелері, алдағы оқиғалар күнтізбелері;

9) халықаралық ынтымақтастық саласындағы ақпарат;

10) статистикалық көрсеткіштер және қызмет нәтижелері;

11) сараптау есептер және атқарылған жұмыс туралы баяндамалар;

12) жүргізілген әлеуметтік, сараптау және басқа зерттеулер, сондай-ақ халық арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижесі туралы деректер;

13) орнықты даму жөніндегі есептерді (Қор жекелеген есептерді дайындаған жағдайда) қоса алғанда, Қордың орнықты даму саласындағы қызметіне арналған жеке бөлім не орнықты даму жөніндегі ақпаратты қамтитын Қордың жылдық есебіне сілтеме;

14) Қордың құзыретін, өкілеттіктерін, міндеттері мен функцияларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер;

15) ақпараттық ресурстар және қызметтер туралы ақпарат;

16) Қор қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар, оның ішінде мынадай құжаттар:

Қор Жарғысы және оның барлық өзгерістері мен толықтырулары;

Қордың корпоративтік басқару кодексі;

Қор қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі;

Қордың Директорлар кеңесі туралы ереже;

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже;

Қордың корпоративтік хатшысы туралы ереже;

Қор Басқармасы туралы ереже;

Қордың ақпарат ашу қағидасы;

Корпоративтік дау-жанжалды шешу қағидасы;

Тәуекелдерді басқару саясаты;

Қордың ішкі аудит департаменті туралы ереже;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже;

Қор омбудсмені туралы ереже;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	12-бет 15-тен
---	---	------------------

Қордың ақпаратты ашу қағидасы;

17) «БЖЗҚ» АҚ жанындағы Қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) қызметі туралы:

Кеңес туралы жалпы ақпарат;

Кеңес құрамы;

Кеңес туралы ереже;

Кеңес отырыстарының күн тәртібіне енгізілген мәселелер, олардың материалдары жарияланған Кеңес отырыстары туралы ақпараттық хабарлама;

Кеңес отырыстарының хаттамалары, сондай-ақ Кеңес қызметінің барысында Қорға жолданатын Кеңестің жазбаша ұсыныстары (өтініштері);

Кеңес жұмысы туралы жылдық есеп;

18) осы тараудың 4-2 параграфының ережелерін ескеріп дайындалған және Қордың Директорлар кеңесі бекіткен жылдық есептер;

19) интернет-ресурстың жедел желі туралы бастапқы бетінде – кез келген қызметкердің және/немесе лауазымды адамның Қазақстан Республикасы заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесін (аудит комитеті) және ішкі аудит қызметін хабардар етудің қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі туралы;

20) корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау нәтижелері;

21) ірі мәмілелер туралы, сонымен қатар мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтер, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы;

22) сатып алу қағидаларын, хабарландыруларын және нәтижелерін қоса алғанда, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу туралы;

23) сыртқы аудитор туралы, сонымен қатар мынадай мәліметтер:

аудиторлық ұйым атауы;

Қорға көрсетілетін қызмет тізбесі;

сыртқы аудиторға, оның ішінде аудиторлық қызметтер мен қаржылық есептілік аудитіне және өзге де ақпаратқа қатысы жоқ қызметтер үшін бөлек төленетін сыйақы туралы;

24) келіп түскен сұраныстарды жинақтау және талдау нәтижелері бойынша ақпаратты пайдаланушылар бірнеше рет сұратқан ақпарат;

25) олардың қарамағындағы деректер базаларының (банктерінің), тізілімдердің, тіркелімдердің, кадастрлардың тізбесі;

26) бос лауазымдар бойынша ақпарат:

жарияланған бос лауазымдар;

бос лауазымдарға үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары;

бос лауазымдар туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері;

27) «Сұрақ-жауап» сервисі;

28) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі;

29) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі, олардың міндеттері мен қызметтері, сондай-ақ олардың басшылары туралы мәліметтер;

30) Қордың өңірлік бөлімшелерінің тізбесі, олардың міндеттері мен қызметтері, сондай-ақ олардың басшылары туралы мәліметтер;

31) байланыс деректері:

пошта мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, байланыс орталығының, орталық аппараттың, Қор филиалдарының телефон нөмірлері;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау, сондай-ақ өтініштер мен сұраныстарды қарастыру мәселелері, сондай-ақ өтініштер мен сұраныстарды қарастыру нәтижесі бойынша шешімдерге және (немесе) іс-әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі бойынша ақпарат алу мүмкіндігі берілетін Қордың уәкілетті тұлғаларының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	13-бет 15-тен
---	---	------------------

32) Қазақстан Республикасының заңдарына және басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қарастыруға қабылданатын өтініштер мен сұраныстардың үлгілері;

33) Қазақстан Республикасының заңдарымен орналастыру міндеті белгіленген басқа ақпарат немесе Қор орналастыру қажет деп санайтын ақпарат.

33. Қор Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде Қордың интернет-ресурсында өз қызметі туралы ақпаратты немесе Қордың конфиденциалды ақпарат тізбесіне кірмейтін, мүдделі тараптар үшін маңызды басқа ақпаратты аша алады.

*Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешіміне сәйкес параграфпен толықтырылды.*

#### **§ 4-1. «Электрондық үкімет» веб-порталында ақпарат ашу**

33-1. Қор ашық деректер интернет-порталына ашық деректер орналастырады.

Қор ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган сұранысы бойынша Қазақстан Республикасы халқының ашық деректер қажеттілігі туралы қоғамдық пікірін сұрастыру нәтижесі бойынша ашық деректер интернет-порталына орналастыру үшін ашық деректер береді.

Сонымен қатар Қор ашық деректер интернет-порталына ақпаратты өз бастамасымен орналастыруға құқылы.

33-2. Қор ашық диалог интернет-порталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен адамдарды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы түскен сұраныстарға жауап береді, сондай-ақ интернет-конференциялар мен сауалнамалар жүргізеді.

*Параграф атауы Директорлар кеңесінің 25.06.2021ж. №6 шешімімен бекітілген Өзгерістер мен толықтыруларға сай редакцияда баяндалды.*

#### **§ 4-2. Жылдық есепте ақпарат ашу**

*34-тармақ Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда баяндалды. Директорлар кеңесінің 30.12.2024ж. №22 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.*

34. Қор жыл сайын өз қызметі туралы жылдық қаржылық есеп дайындап, Қордың интернет-ресурсына жариялайды.

Қордың жылдық есебінің мазмұнына және Қордың интернет-ресурсында орналастыруға қойылатын талаптар Қордың корпоративтік басқару кодексінде көзделген.

### **§5. Инсайдерлік ақпаратты ашу**

*35-тармаққа Директорлар кеңесінің 29.03.2023 жылғы №4 шешіміне сәйкес толықтыру енгізілді.*

35. Инсайдерлік ақпаратты құрайтын және ашылуы тиіс мәліметтер тізбесін, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімін Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында инсайдерлік ақпаратты қолдану және пайдалану қағидасы анықтайды.

### **4-тарау. Конфиденциалды ақпаратты қорғау**

36. Қордың қызметіне қатысты құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде Қордың атқарушы органы орналасқан жерде сақталуы тиіс.

37. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалды ақпаратты қорғау шараларын қолданады.

38. Конфиденциалды ақпарат тізбесін Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.



«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	14-бет 15-тен
---	---	------------------

39. Қор Басқармасы қызметтік, коммерциялық, зейнетақы және басқа да заңмен қорғалатын құпияны қорғау, конфиденциалды ақпаратты жариялаудан немесе рұқсат етілмеген таратудан болуы мүмкін зиянның алдын алу, бұл ақпаратты кез келген мүдделі тұлғалардың заңсыз пайдалану дерегін болдырмау мақсатында конфиденциалды түзім сақтауды қамтамасыз етеді.

*40-тармаққа Директорлар кеңесінің 16.09.2020 жылғы №8 шешіміне сәйкес өзгеріс енгізілді.*

40. Қор қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары еңбек қызметін немесе Директорлар кеңесі мүшесінің қызметтерін жүзеге асыру барысында конфиденциалды ақпарат тізбесіне енгізілген ақпаратты жарияламауға міндетті. Қордағы еңбек қызметін немесе міндеттерін орындауды тоқтатқан Қор қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының аталған ақпаратты **5 (бес)** жыл ішінде жариялауға құқығы жоқ.

41. Қор қызметі туралы ақпарат ашылған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, осы Қағида нормаларының талаптары бұзылған немесе Қорға және (немесе) Жалғыз акционерге зиян келтіруге апарып соқтырған жалған, нақты емес немесе толық емес мәліметтер берілген жағдайда, бұл бұзушылық үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

### **5-тарау. Қорытынды ережелер**

42. Қағиданы, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

43. Заң департаменті Қағиданың өзекті мазмұны үшін жауапты.

44. Қағидада көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы немесе Қор жарғысындағы өзгерістер нәтижесінде Қағиданың жекелеген нормалары олармен қайшы болып қалса, Қағиданың бұл нормалары күшін жояды және Қағидаға тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) Қор жарғысын басшылыққа алу керек.

**Басқарма Төрағасының м.а.**

**С. Егеубаева**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасы	15-бет 15-тен
---	---	------------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамында ақпарат ашу қағидасын келісу парағы**

Лауазым атауы	Атының инициалы, тегі	Қолы	Қол қойылған күн	Ескертпе
Басқарушы директор	Утегулов М.А.			
Корпоративтік хатшы	Жакупкалиева Ж.			
Қауіпсіздік департаментінің директоры	Артыкбаев М.А.			
Ішкі аудит департаментінің директоры	Кошербаева А.М.			
Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры	Забих Қ.Ж.			

Өзірлеуші:

Заң департаментінің директоры \_\_\_\_\_ Бактыбаев Н.А.